



А.Н. Бернштамның өмір жолы мен ғылыми қызметі

© 2022 ж. Айтбаева А.Е., Манапова Ә.М.

Keywords: archaeology, excavations, Middle Ages, science, expedition

Түйін сөздер: археология, қазба, ортағасыр, ғылым, экспедиция

Ключевые слова: археология, раскопки, средневековье, наука, экспедиция

Aigerim Aitbayeva¹, Aliya Manapova¹

¹PhD, researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aaitbaeva84@mail.ru

¹Corresponding author, Candidate of Historical Sciences, Leading researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: merekeevna@mail.ru

The life path and scientific work of A.N. Bernshtam

Abstract. The article is devoted to the contribution of A.N. Bernshtam, one of the organizers of the Kazakh archaeological science. He conducted the first archaeological excavations on many monuments in the country, drew conclusions on the most important historical and archaeological issues, and made a significant contribution to the development of archaeological science in Kazakhstan. The article provides data on childhood, student life, the first scientific search for a scientist, his formation as a teacher and his achievements in the study of archaeological monuments of the Bronze Age, the Early Iron Age and the medieval period of the history of Kazakhstan. When writing the article, a bibliographic (biographical) method was used, which allows not only to consider the history of the scientist's life and work, but also to show what an outstanding person A.N. Bernshtam was. The biographical research method helps to reconstruct the process of formation of Alexander Bernshtam a professional scientist in conjunction with the analysis of his individual qualities, position in society and the influence of cultural and ethical indicators. The scientific activity of the scientist was also considered in connection with the political conditions and the development of science of that period, his role in the formation of Kazakh archaeology was evaluated. The article considers the publications in which A.N. Bernshtam's ideas about the progressive role of the invasion of the Huns, which contributed to the destruction of the slave-owning system and the establishment of feudal relations, were criticized. The issues related to the accusations of the researcher as a pan-Turkist who opposed Stalin's ideas, which had a negative impact on his scientific and pedagogical activities, were also touched upon.

Acknowledgements: The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2022–2023, project IRN BR11765630.

For citation: Aitbayeva, A., Manapova, A. 2022. The life path and scientific work of A.N. Bernshtam. *Kazakhstan Archeology*, 4 (18), 44–57 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.4.18.44.57](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.44.57)

**Айгерім Есімқанқызы Айтбаева¹,
Әлия Мерекеқызы Манапова¹**

¹PhD, ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан ат.
Археология институты, Алматы, Қазақстан

¹корреспондент-авторы, тарих ғылымдарының
кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер,
Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты,
Алматы, Қазақстан

**Айгерім Есимкановна Айтбаева¹,
Алия Мерекеевна Манапова¹**

¹PhD, научный сотрудник, Институт археологии
им. А.Х. Марғұлана, Алматы, Казахстан

¹автор-корреспондент, кандидат исторических наук,
ведущий научный сотрудник,
Институт археологии им. А.Х. Марғұлана,
Алматы, Казахстан



А.Н. Бернштамның өмір жолы мен ғылыми қызметі

Аннотация. Мақала Қазақстан археология ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, еліміздің көптеген ескерткіштерін ашқан, есепке алған әрі алғашқы қазба жүргізген, әртүрлі күрделі тарихи-археологиялық мәселелер бойынша ой-тұжырымдар жасаған А.Н. Бернштамның Қазақстан археология ғылымына қосқан үлесіне арналады. Ғалымның балалық, студенттік шағы, алғашқы ғылыми ізденістері, сол кездегі саяси қыспаққа алынуы, ұстаз болып қалыптасуы және Қазақстанның қола, ерте темір, ортағасыр ескерткіштерін зерттеудегі жетістіктері баяндалады. Мақаланы жазу барысында ғалымның өмірі мен шығармашылығын ғана қарастырып қоймай, оның тұлғасының қалыптасуын көрсетуге мүмкіндік беретін библиографиялық (өмірбаяндық) әдіс қолданылды. Зерттеудің өмірбаяндық әдісі Александр Натановичтің кәсіби ғалым ретінде қалыптасу процесін, оның мінез-құлқы, әлеуметтік жағдайы, мәдени және этикалық қасиеттерінің үйлесуі тұрғысынан қайта құруға көмектеседі. Мақалада алғаш рет А.Н. Бернштамның өмірбаяны, ғылыми қызметі мен ғылыми мұрасы мұрағат материалдары мен ғалым зерттеулері негізінде толықтай сипатталды. Ғалымның ғылыми қызметі сол кезеңдегі орын алған саяси жағдайлар мен ғылымның дамуымен бірге байланыста қарастырылып, Қазақстан археологиясының қалыптасуында алатын орны бағамдалды. А.Н. Бернштамның ғұндар шапқыншылығының тарихтағы құл иеленушілік құрылыстың жойылып, феодалдық қатынастардың орнауына септігін тигізген прогрессивті ролі идеясын сынаған сыни мақалалар талқыланды. Ғалымның Сталиннің идеяларына қарсы пантюркист деп айыпталуы, ғылыми-педагогикалық қызметіне тигізген теріс әсері сараланды.

Алғыс: Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2022–2023 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде даярланды. ЖТН № BR11765630.

Сілтеме жасау үшін: Айтбаева А.Е., Манапова Ә.М. А.Н. Бернштамның өмір жолы мен ғылыми қызметі. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 4 (18). 44–57 - бб. DOI: [10.52967/akz2022.4.18.44.57](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.44.57)

Жизненный путь и научное творчество А.Н. Бернштама

Аннотация. В статье дана краткая характеристика деятельности выдающегося ученого А.Н. Бернштама, одного из организаторов Казахстанской археологической науки. Им были проведены первые археологические раскопки на многих памятниках в стране, сделаны выводы по важнейшим историко-археологическим вопросам, внесен значительный вклад в развитие археологической науки Казахстана. В статье приводятся данные о детстве, студенчестве, первых научных поисках ученого, становлении его в качестве учителя и его достижениях в изучении археологических памятников эпохи бронзы, раннего железного века и средневекового периода истории Казахстана. При написании статьи использовался библиографический (биографический) метод, позволяющий не только рассмотреть историю жизни и творчества ученого, но и показать насколько выдающейся личностью был А.Н. Бернштам. Биографический метод исследования помогает реконструировать процесс становления Александра Натановича как профессионального ученого в совокупности с анализом его индивидуальных качеств, социального положения в обществе и влияния культурных и этических показателей. Научная деятельность ученого была рассмотрена также в связи с политическими условиями и развитием науки того периода, оценивалась его роль в становлении казахстанской археологии. Были затронуты публикации, в которых подвергаются критике идеи А.Н. Бернштама о прогрессивной роли вторжения гуннов, способствовавшего разрушению рабовладельческого строя и установлению феодальных отношений. Также затронуты вопросы, касающиеся обвинений исследователя как пантюркиста, выступающего против идей Сталина, оказавшие отрицательное влияние на его научно-педагогическую деятельность.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МОН РК 2022–2023, ИРН проекта BR11765630.

Для цитирования: Айтбаева А.Е., Манапова А.М. Жизненный путь и научное творчество А.Н. Бернштама. *Археология Казахстана*. 2022. № 4 (18). С. 44–57 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.4.18.44.57](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.44.57)

1 Кіріспе (Айтбаева А.Е.)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Бернштам (1910–1956 жж.) 30 жылға жуық ғұмырын қазақ, қырғыз, түркімен, ұйғыр халықтарының тарихын, археологиясын, этнографиясын, сәулет өнерін зерттеуге арнаған, археология ғылымының дамуына теңдесіз үлес қосқан ғалым. 1933 ж. көптеген археологиялық экспедициялармен Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан аумақтарында



зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қола дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі уақытты қамтитын жүздеген археологиялық нысандардың ашылып, зерттелуіне ықпал етті. Ғалым тек археологиялық зерттеулермен ғана емес, халықтардың этногенезі, әлеуметтік қоғам дамуы және экономикасы мәселелерін, ежелгі эпиграфика мен нумизматика мәселелерін зерттеді.

Мақаланы жазу барысында қолданылған мәліметтер Ресей Ғылым Академиясы Материалдық Мәдениет тарихы институтының (ММТИ) ғылыми архивінің қолжазба қорындағы А.Н. Бернштамның ғылыми зерттеу жұмыстары мен жеке істері жинақталған № 35 және № 2 қорлардан алынды.

2 Материалдар және әдістер

2.1 Мәселенің әдіснамасы (Манапова Ә.М.)

Мақаланы жазу барысында ғалымның тұлға ретінде қалыптасуын анықтауға мүмкіндік беретін библиографиялық әдіс қолданылды. Белгілі бір мәселелер бойынша ғалымдардың теориялық ұстанымдарын салыстыру барысында салыстырмалы-тарихи және тарихи-генетикалық әдістер пайдаланылды.

А.Н. Бернштам қарастырған тарихи, археологиялық мәселелерді талқылау барысында, ғалымның және өзге зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарына тарихнамалық зерттеулер әдіснамасына басты назар аударылды. Жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысы мен А.Н. Бернштамның өз алдына қойған нақты міндеттердің шешілуіне қатысты мазмұнды талдау әдісіне басымдық берілді. А.Н. Бернштамның өз ғылыми шығармалары және өзге ғалымдар зерттеулеріндегі ақпараттарды сараптау және жалпылау барысында анализ және синтез, дедукция және индукция әдістері қолданылды.

Солардың ішінде, персоналия яғни тұлғатануға тікелей қатысты тарихи-жүйелілік және тақырыптық-хронологиялық тәсілдер кеңінен қолданылып, тақырыптың алғаш рет зерттелуіне орай деректанулық ізденіс жүргізілді және зерттеу нысанының мұрасына тұжырымдық талдаулар жасалды.

2.2 Материалды сипаттау (Айтбаева А.Е., Манапова Ә.М.)

А.Н. Бернштамның отбасы және жастық шағы туралы мәліметтер

Александр Натанович Бернштам 1910 ж. 18-қыркүйекте Қырым АКСР-ның Керч қаласында большевик-революционердің жанұясында дүниеге келді. Ғалымның өз қолымен жазылған әр жылдардағы өмірбаяндарында әке-шешесі және жанұясы туралы біршама толық мәліметтер берілген. Әкесі – Натан Борисович Бернштам мешандық қызметкер, кеңсеші, РСДРП мүшесі қатарында 1905 ж. Қырымдағы революцияға қатысып, осы жылы істі болып, сотталып, соңынан жер аударылады. Натан Борисович Қазан төңкерісінен кейін Қырымдағы азамат соғысына қатысып, партизан отрядтарын ұйымдастырып, 1920 ж. Перекоп маңында ерлікпен қаза табады [Архив ИИМК РАН, ф. 35, д. 22: 1]. Ал анасы туралы ғалым: «Анам Евгения Борисовна Бернштам – (кей деректерде Шейндель Бернштам) кустарь-зергердің қызы, 1916 ж. бері есепші (счетовед) болып жұмыс істеді. Севастополь мен Ленинградта құпия түрдегі мекемелерде жұмыстар атқарды. Қазір “Печатный двор” типографиясында жұмыс жасайды», – дей келе Ленинград блокадасынан соң қайтыс болғаны туралы мәлімет қалдырады [Архив ИИМК РАН, ф. 35, д. 22: 38] (аудармасы Айтбаеваныкі).

Дүниеге келгенінен 1923 ж. дейін Керчь қаласында тұрған ғалым отбасымен 1924 ж. Севастопольге қоныс аударады. Осы қалада 1927 ж. Луначарский атындағы № 8 тоғыз жылдық мектепті аяқтайды. Мектепте соңғы сыныптарда оқу барысында, кешкісін жергілікті Өлкетану



музейінде практикант, кейіннен қызметкер, экскурсовод болып қосымша қызметтер атқарды. Павел Петрович Бабенчиков басқарған Севастополь өлкетану музейі болашақ ғалымның өлкетанушы болып қалыптасуына әсер еткен алғашқы орта болды. Оқушы кезінде 1924 ж. Қырымдағы Ескі Кермен ортағасырлық қамал-қаласын зерттеген археолог Н.И. Репниковтың археологиялық қазбаларына қатысады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 3]. Осы алғашқы ұстазы жас ғалымға қорғандарды қазу әдістемесі мен көрмелерді құру секілді кәсіби әдіс-тәсілдерді үйретеді. 1926–1927 жж. Керчь және Херсонес археологиялық съездеріне делегат болып қатысуы – ғалымның ғылыми қалыптасуына өз үлесін қосқаны сөзсіз. Осы архив қорындағы құжаттарда ғалым ағылшын, француз, неміс, ежелгі түркі, ұйғыр, қытай тілдерін білетіні туралы атап өтеді.

Студенттік кезеңі мен аспирантурадағы оқуы

1928 ж. А.Н. Бернштам Ленинград Мемлекеттік университетінің География факультетінің Этнография бөліміне оқуға түсіп, қоғамдық жұмыстарды да асқан белсенділікпен орындайды. 1929 ж. қаңтарда Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы (БЛКЖО) қатарына өтті. Комсомол мен партияның әртүрлі тапсырмаларын, пропагандалық тапсырмаларды да қалтқысыз орындайды. Ғылыми-қоғамдық қызметінің алғашқы жылдары кеңестік өлкетану жұмысын басқарумен байланысты болды. Ғалым алдымен Ленинград облыстық өлкетану бюро мүшесі болса, біраз уақыт өткен соң Өлкетанушылардың Орталық Бюросына мүшелікке қабылданып, Орталық Бюроның Ленинград бөлімінің студенттер секциясын басқарады, 1933 ж. сырқаттануына байланысты өлкетану жұмыстарынан қол үзеді [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 18].

Университет қабырғасында ғылыми жұмысқа араласып, 1930 ж. Материалдық Мәдениет тарихы Мемлекеттік Академиясына (ММТМА) келісім-шартпен жұмысқа орналасады. Осы жылы сәуірде академия жас ғалымды Ашхабадтан Қызыл Арбадқа дейінгі аумақтың колхозық құрылымға өтуі туралы тәжірибе алмасу үшін Өзбекстан, Түркменстан және Қырым АКСР-на іссапарға жібереді. Осы сапар ғалымның түркі халықтарының этногенезі мәселесіне қызығуының бастауы болды. Іс-сапар нәтижелері негізінде «Туркменский род и колхозы» [Бернштам 1931а] және «Жилище Крымского предгорья» [Бернштам 1931б] атты мақалалары жарық көреді.

Ғалым 1931 ж. шілде айында Ленинград Мемлекеттік университетінің жанындағы Тарих-лингвистикалық институтының этнограф-музейтанушы мамандығы бойынша оқуын аяқтады. А.Н. Бернштам 1930–1931 жж. Материалдық мәдениет тарихы институтының Архаикалық секторының көшпелі мәдениет тобының 2-разрядтағы ғылыми қызметкері болып қызмет атқарса, 1931–1934 жж. аспирантурада білім алады. Аспирантураға оқуға түсісімен «Разложение архаической формации и возникновение классов по Средней Азии» атты диссертациялық тақырыптың алғашқы нұсқасы бекітіліп, екі ғылыми кеңесші – С.Н. Быковский және профессор С.Е. Малов тағайындалды [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 793: 18].

Аспирантурада оқу барысында әйгілі түркітанушылар С.Е. Малов пен А.Н. Самойловичтың жетекшілігімен ежелгі түркі жазуларын зерттей бастайды.

Кандидаттық диссертациясын қорғауы, ғылыми жұмыстары

1935 ж. сәуір айында «Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI–VIII вв.» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Қорғау барысында ресми оппоненті ретіне – А.Ю. Якубовский бекітілсе, диссертацияны лингвистикалық жағынан белгілі тюрколог, академик А.Н. Самойлович бағалады. Диссертацияда түрік қағанатының әлеуметтік құрылымы



талданып, руна жазулары интерпретацияланып, өзге де заттай, археологиялық деректер кеңінен қарастырылған. Автор түркі қауымында таптық бөліністердің пайда болуы мен дамуының кезеңдерін ашып көрсетіп, түркілердің жалпы әлемдік тарихтағы орнын анықтап көрсетуге тырысты. Бұл кандидаттық диссертациясы 1946 ж. толықтырылып, «Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI–VIII вв. Восточно-тюркский каганат и киргизы» атауымен монография түрінде жарық көрді. 1938 ж. осы диссертациясы жас ғалымдардың ғылыми жұмыстары бойынша конкурсында Бүкілодақтық қазылар алқасы шешімімен 3-дәрежелі грамотамен марапатталады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 16].

Болашақ ғалым аспирантурамен қатар Мемлекеттік Эрмитаждың этнография музейінде де қосымша жұмыс істеп, 1933–1935 жж. аға ғылыми қызметкері болып бекітіледі. Аспирантураны тәмамдаған соң, ММТМА-ның Феодалдық қоғам институтында 1935–1937 жж. аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 21].

1933 ж. жазы мен күзінде ғалымның Жетісуға, Фрунзе мен Ташкент қалаларына жасаған келесі сапарының мақсаты – ежелгі ескерткіштерді фотоға түсіріп, топографиялық сызбасын жасау, сондай-ақ, археология-этнографиялық зерттеулер жүргізу болады. Осы сапардың нәтижелері «Отчет о командировке в Среднюю Азию» деген атаумен мақала ретінде жарыққа шығады [Бернштам, Морозова 1934: 100–101].

Жалпы, 1930-ж. ортасына қарай, КСРО тарих ғылымында маркстік формациялық методологияға негізделген тарихты зерттеуді бес мүшелі формациялық тұжырымдама тұрғысынан қарастыратын жаңа принциптері орныға бастайды. Осылайша, 60 жылға таяу уақыт тарихи баяндаудың айқын басымдықта болған формациялық әдісі тарих сахнасына шықты.

Бұл әдіснаманы «жоғарыдан» келген, еріксіз таңдалған деп біржақты ғана қарастыруға болмайды. Көптеген зерттеушілер жаңа формациялық әдіснаманың шынайы жақтаушылары болды. Осындай жағдайда ғалымдар нақты тарихи материалдар негізінде феодалдық және құлиеленушілік қоғамды маркстік тұрғыда түсіндіруді апробациялаған көптеген мақалалар жаза бастады. Осы бағытта мерзімді басылымдарда А.Н. Бернштамның «О роли завоеваний в исторической концепции Карла Маркса», «Ленин и история народов Советского Востока», «Проблема распада родовых отношений у кочевников Азии», «К вопросу о возникновении классов и государства у турков VI–VIII вв. н.э.» секілді мақалалары жарық көрді. Кеңес заманында жалғыз ақиқат теория болып орныққаны және оны түзету немесе өзгерту ғылымға қарсы деп саналғаны болмаса, марксизмді адамзат қоғамының дамуы мен оның тарихының іргелі тұжырымдамаларының бірі ретінде қарастырған жөн.

А.Н. Бернштамның саяси және қоғамдық-партиялық қызметінің тағы бір қыры ретінде, 1930 жылдары ММТМА қабырғасында жүзеге асқан «тазалау» жұмыстарына да қатысып, 1930–1931 жж. және 1935–1936 жж. жергілікті комитетінің төрағасы болғанын атап өтуіміз керек. Өз өмірбаянында «Өзімнің ғылыми және қоғамдық қызметімде шамам келгенше партияның басты линиясы үшін күрестім», – деген жазбасы да ғалымның осы қызметін сипаттайды. Университет қабырғасында Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағының тапсырмасы бойынша троцкийшілерге қарсы баяндамалар жасап, А.Н. Бернштамның бастамасымен халық жауы ретінде айыпталған Г.Е. Зиновьевтің бұрынғы хатшысы В. Большаков жұмыстан шығарылады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 2].

Дегенмен, осы 1930 жылдары барлық салада орын алған қуғындаулар мен саяси репрессиялар жас ғалымды да айналып өтпейді. Ғалымның кандидаттық диссертациясының



жетекшісі С.Н. Быковский «Троцкийшілдік оппозицияға қатысқаны үшін» деген айыппен қуғынға ұшырап, 1936 ж. ату жазасына кесіледі. Ұстазының трагедиялық тағдыры шәкіртіне де кері әсерін тигізбей қоймады, қорғалып қойған кандидаттық диссертациясы қайтадан тексерулерге ұшырап, В.И. Равдоникас басқарған комиссияның талап етуімен А.Н. Бернштам диссертациясының мәтініне өзгерістер енгізуге мәжбүр болады.

А.Н. Бернштамның репрессияға ұшыраған ғалым Е.Е. Кричевскиймен бірлескен «К вопросу о закономерности в развитии архаической формации (к разработке теоретического наследия Маркса, Энгельса и Ленина)» атты мақаласы жарық көрген [Бернштам, Кричевский 1932: 52].

Өз өмірінің осы бір қиын кезеңдері туралы өмірбаянында ғалым өзінің ғылыми және қоғамдық жұмысында бірнеше қателіктер жібергені туралы: «Быковскийдың әсерінен жұмысымда социологизм мен схематизмге жол бердім, өзім жете дайындықсыз қолға алған мәселелерді қате шештім», – дей келе, қателіктерін ешқашан жасырмайтынын айта келіп, осы С.Н. Быковскийге қатысты «За притупление комсомольской бдительности» деген қатаң сөгіс алғанын жазады. Этнография мен археологияда да қате позиция ұстанғанын, бірақ кейіннен өз жұмыстары барысында бұл қателіктерді жойғанына баса тоқталады. 1937 ж. А.Н. Бернштам КСРО ҒА ММТИ аға ғылыми қызметкерлігінен босатылғанымен, жоғарыда келтірілгендей өз қателіктерін «мойындаған» соң, 1938 ж. қарашасында қатаң сөгісі алынып тасталып, қайтадан қызметке алынады. Институт басшылығы 1939 ж. А.Н. Бернштамға берілген мінездемеде «За время работы в ГАИМК показал себя политическим грамотным и выдержанным комсомольцем, честно выполнявшим все дававшиеся ему поручения» деп сипаттама беруі де ғалымның саяси көзқарасы жағынан одан әрі қыспаққа ұшырамағанын көрсетеді [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 4–11].

1935 ж. А.Н. Бернштам КСРО ҒА Шығыстану институтының докторантурасына оқуға түсіп, «История тюркских племен и народов» тақырыбында ғылыми жұмысын жалғастыра отырып, түркі халықтарының тарихи дамуының ежелгі уақыттан сол кезеңге дейін тарихын жазып шығуға талпынады. Бұл келелі еңбегінде түркілердің пайда болуы, олардың тарихи даму кезеңдері, әлем тарихында алар орны сынды мәселелер қамтылуы керек болатын. Бұл ұлы идея ғалымның өмірінің соңына дейінгі барлық ғылыми ізденістерінің өзегі болды.

Ғалымның түбегейлі археологияға бет бұруы

Ғалымның ғылыми қызметіндегі ең қарыштап дамыған уақыты – 1940 ж. болғанын байқаймыз. 1940 ж. Ленинград университетінің доценті бола жүріп, Ұлы Отан соғысы басталғанда ғалым Қырғыз КСР ХКК жанындағы Ғылым комитетіне Үлкен Шу каналы құрылысы басталуына орай, археологиялық экспедиция ұйымдастыру үшін қызметке ауыстырылады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 793: 24]. Қырғыз КСР-де басында Қырғыз Мемлекеттік Тарих, тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері болса, 1942 ж. 13-қаңтарынан бастап, Қырғыз КСР-і ХКК жанындағы Ғылым комитетінің төрағасы болып қызметтер атқарған. 1941 ж. Үлкен Шу каналы құрылысының салынуына байланысты археологиялық экспедицияға басшылық етті. Осы ірі экспедиция жұмысы нәтижесінде Қырғызстан тарихы бойынша көптеген маңызды материалдар жинақталды [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 20].

Қырғызстанда қызмет еткен жылдары А.Н. Бернштам «История кыргыз и Кыргызстана с древнейших времен до монгольского нашествия» тақырыбында докторлық диссертациясын жазып, 1942 ж. 24-тамызда Ташкент қаласында сәтті қорғайды. 1943 ж. 1-ші шілдесінен бастап тарих ғылымдарының докторы А.Н. Бернштам Қырғыз мемлекеттік Тарих, тіл және әдебиет



институтының бөлім меңгерушісі болып бекітіледі. 1945 ж. соғыс аяқталысымен Ленинградқа оралып, КСРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімінің Орта және Орталық Азия секторының аға ғылыми қызметкері болып қызмет атқарады [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56:28–29]. Осы жылы Ленинград Мемлекеттік университетінде «История тюркских племен и народов» және «Кочевники и археология Средней Азии» пәндерінен дәріс оқиды. КСРО Жоғарғы білім министрлігінің Жоғарғы аттестациялық комиссиясының № 00545 1947 ж. 17-мамырдағы шешімімен А.Н. Бернштамға археология кафедрасының профессоры атағы беріледі [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 56: 66].

Дегенмен қырғыз өлкесін зерттеуден қол үзбей, 1944, 1946, 1949 жж. Тянь-Шань экспедициясына басшылық етіп археологиялық жағынан зерттеуді жалғастыра берді. Жалпы А.Н. Бернштамның қырғыз тарихы зерттелуіне қосқан өлшеусіз үлесіне КСРО ҒА Қырғыз филиалын ұйымдастыруын, тарихи-археологиялық ұйымдар мен музей бөлімдерін ашуын және жергілікті халықтың арасынан археолог, тарихшы ғалымдарын тәрбиелеп шығарғандығын атап өтуіміз керек.

Ғалым сондай-ақ, 1943 ж. В.В. Бартольдтың «Очерки об истории Семиречья» және «Киргизи» атты еңбектерін және 1950 ж. Н.Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты сүбелі еңбегін қайта жарыққа шығаруды ұйымдастырады.

Осы қордағы жеке іс-қағаздарында ғалымның сүйек туберкулезіне шалдыққаны, соның себебінен балдақпен жүретіні туралы айтылады. № 2 қорда өзі қызмет істеген ММТМА дирекциясының ғалымның осы денсаулығындағы кінәрат бойынша ыңғайлылық сұрап Телефон желісі Басқармасына, Вокзал бастықтарына жазған хаттары, сүйек туберкулезі санаторийлеріне жіберу туралы өтініш хаттары сақталған [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 793: 3–20].

Жеке өмірі мен балалары

Ғалым өзінің жеке өмірі мен отбасы туралы 1945 ж. толтырылған кадрлар есебі туралы парақшада екі баласының бар екенін атап өтеді. Жұбайлары туралы өзінің екі рет үйленгенін, бірінші әйелі – Морозова Анна Степановна жайлы айта келіп, оның Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағының мүшесі, қолөнершінің қызы екендігін, әкесі қайтыс болған соң, фабрикада жұмыс істейтін анасы тәрбилегенін де жазады. 1928–1931 жж. Ленинград университетінің Тіл және ойлау тарихы факультетінің Материалдық мәдениет бөлімінде білім алып, 1934 ж. Н.Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасын аяқтаған А.Н. Морозова А.Н. Бернштаммен бірге Түркіменстанға сапар шегеді. 1933 ж. Мемлекеттік этнография музейіне жұмысқа тұрып, 1939 ж. бастап Орта Азия халықтары этнографиясы бөлімін, ал 1941–1942 жж. осы музейді басқарады. 1947 ж. кандидаттық диссертациясын қорғап, 1954–1972 жж. Орта Азия халықтары этнографиясы бөліміне басшылық етеді [Архив ИИМК РАН, ф. 35, д. 22: 34–40]. Дегенмен, бұл неке ұзаққа созылмай, екеуінің жолы екі жаққа айырылып, қыздары Татьяна А.Н. Морозова өзі тәрбиелейді.

Өмірбаяндарының келесі біреуінде ғалым зайыбы ретінде Розина Любовь Григорьевнаны атап көрсетеді. Л.Г. Розина (1904–1995) Кунсткамерада 1954–1964 жж. аралығында аға ғылыми-техникалық қызметкер, ал, 1964–1974 жж. КСРО ҒА Этнография Институтының Австралия және Океания секторының кіші ғылыми қызметкері қызметтерін атқарған. Ғалыммен Жетісу археологиялық экспедициясы сапарларында бірге болған. Бұл екі некенің де тіркеу құжаттары сақталмаған.

Қызы – Татьяна Александровна Бернштам (1935–2008) кеңестік және ресейлік этнограф, фольклорист, тарих ғылымдарының докторы, профессор, РФА Ұлы Петр ат. Антропология және



этнография музейіні бас ғылыми қызметкері және Орыс және славян этнографиясы бөлімінің басшысы қызметін атқарған. Шығыс славян этнографиясы мен фольклорына 130-дан астам ғылыми еңбек арнап, Ресей тарихы мен этнографиясына зор үлес қосқан. Татьяна Александровна соғыс жылдарында Ленинград блокадасы кезінде Татар АКСР Тетюши қаласындағы балалар үйіне эвакуацияланады. Блокада аяқталған соң Ленинградқа қайта оралып, орта мектепті аяқтап, Ленинград Мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Жалпы А.Н. Бернштамның жеке өмірі туралы ақпарат өте жұтаң. Алғашқы некеден екі баласы бар екендігі туралы жазылғанымен, екінші баласы туралы ешбір ақпаратқа қол жеткізе алмадық. Әйелі А.С. Морозованың жанұясы туралы барлық деректерде тек қызы Т.А. Бернштам туралы ғана айтылған.

А.Н. Бернштамның монографиясының жарық көруі және оның сыналуы

1951 ж. Ленинград қ. М.М. Дьяконовтың жауапты редакторлығымен А.Н. Бернштамның ғұн тарихына арнаған «Очерки истории гуннов» монографиясы жарық көреді. Монографияда қытайлық жазба деректерге және археологиялық материалдарға сүйене отырып, ғұн қоғамына тайпалық одақ және патриархалды рулық қоғам деген сипаттама берді. Таптық күрес, құлдықтың, аристократияның болуы, басқару құрылымы секілді белгілер арқылы көшпелілердегі мүлік теңсіздігін айқындап көрсетуге тырысқан. Ғұн миграциясының әлем тарихындағы алар прогрессивті ролі туралы ғалым «<...> Гунны и созданный ими огромный племенной союз отнюдь не были, как это представляет западноевропейская культура, разбоиничьим отрядом. Они стояли несравненно выше многих европейских племен и по своему социальному строю и по своей культуре. <...> по сравнению с рабовладельческой системой, в гуннском племенном союзе были элементы новых, более совершенных общественных отношений – имелись предпосылки образования феодальных порядков», – деп ғұндарды жоғары бағалауы кеңестік ғалымдар тарапынан қолдау таба алған жоқ [Бернштам 1951: 128]. Ғалым осы еңбегі шыққан соң, көптеген сынның астында қалады. Л.Р. Кызласов пен Н.Я. Мерперт осы зерттеуге қатысты өз рецензияларында А.Н. Бернштамды «<...> автор часто впадает в непреодолимые противоречия: не аргументировав одного положения, он перебрасывается к противоположному, столь же бездоказательному <...>», – деп айыптай келе, ғұндардың тілі туралы аз тоқталғанын, осы очеркте ғұн тайпаларының келуімен жергілікті үйсін тайпаларының түркіленуі туралы ойларының қисынға келмейтіндігіне нақты мысалдармен тоқталады [Кызласов, Мерперт 1952: 105].

Аталған сыншылар ғұн жаулап алушылығының «тарихи прогрессивті» ролі туралы ғалымның ойын қатаң сынға алады. Ғұн жаулап алушылығының Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тигізген жойқын зардаптары туралы тоқтала келе, ғалымдар И.В. Сталинның 1943 ж. жасаған баяндамасында: «Как средневековые варвары или орды Аттилы, немецкие злодеи вытаптывают поля, сжигают деревни и города <...>», – деген цитатасын мысалға ала және кеңестік ғылымның корифейі – И.В. Сталиннің осы ойын елемегенін кінә деп тауып, үлкен саяси қателікке балады, сонымен қатар, осы еңбекте сол заманда кеңестік қуғындалған академик Н.Я. Маррдың идеялары қолданылған деп айыптайды [Кызласов, Мерперт 1952: 108–109].

Келесі сыншы Э.В. Удальцова 1952 ж. ғалымның ғұндардың адамзат тарихындағы құлиеленушілік құрылыстың жойылып, орнына феодализмнің орнауына тигізген әсері туралы тұжырымын сынай келе: «Ғұндарды тіпті герман тайпаларымен қатар қоюға келмейді, славян-германдықтардың Рим империясына қарсы күрестері шындығында да құл иеленуші мемлекеттің құлауына септігін тигізсе, ал ғұндар өз шапқыншылығымен осы жер өңдеуші тайпалардың



дамуын тежеп отырды», – деген қарсылығын (аудармасы Айтбаеваныкі). Сонымен қатар А.Н. Бернштамға: «қарақшы ғұндарды ақтап, олардың жыртқыш, қарақшылық әрекеттерін жабуға тырысты» – деген айып тағады (аудармасы Айтбаеваныкі). [Удальцова 1952: 68]. Автор ғұндарды идеал көріп, тарихтағы орнын аса жоғары қойған, Аттиланы аспандатқан А.Н. Бернштамның пікірлерін қателікке балап, осы бір кемшіліктерге толы монографияның жарыққа шығуына Ленинград мемлекеттік университетінің Археология кафедрасын мен редактор М.М. Дьяконовты да айыптайды [Удальцова 1952: 72].

А.Х. Рафиков 1952 ж. сыни мақаласында өзге әріптестері секілді А.Н. Бернштамның «Гуннское нашествие разбудило варварские “запасы” племен, сломивших Рим, и в этом заключается всемирно-историческое значение гуннского похода на запад, в этом заключается всемирно историческая роль», – деген тұжырымына толықтай қарсылығын білдіріп, жартылай жабайы ғұндардың Қытай, Орта Азия және Евопаның отырықшы халықтарына шабуылдары тек жою, қирату сипатында болды деп көрсетеді. Қытай империясында феодалдық қатынастар ғұндарға дейін орнағанына тоқталып, А.Н. Бернштамның ғұндардың әсерін биіктетуі әлемдік өркениеттегі алатын орны ерекше қытай халқының ролін төмендету деген байламға келеді [Рафиков 1952: 126].

Осы мақаланың ерекшелігі ретінде А.Н. Бернштамды Хамит Зюбеир Кашай секілді түрік ұлтшылдарының ғұндарды түріктердің ата-бабасы санап, әлемдегі мәдениетті Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа түркілер тасымалдады деген пантүркістік ойын қолдаушы және дамытушы деп айып тағуы болғанын байқаймыз. А.Н. Бернштамның скифтер, ғұндар және түркілердің тарихы, мәдениеті мен тілдеріндегі сабақтастықты атап көрсетуін, жалпы жергілікті түркітілдес тайпалардың этногенезі туралы идеясын М.Я. Марр ілімін жалғастыру деп айыптайды [Рафиков 1952: 127–128]. Сонымен қатар бұл сыншы, идеологиялық сындармен қатар, ғылыми негізделген сындар да айтады. Мысалы А.Н. Бернштамның Мөде шаньюйдың екінші атауы – «Оғыз», ал өгіз сол уақытың тотем жануары болды деп санағаны және ұйғыр терминін ғұндардың Хуянь тайпасының атауының «*ouger*» сосын ұйғыр – «*uigur*» атауына ауысуынан шықты деген тұжырымдары еш шындыққа жанаспайды деп санайды [Рафиков 1952: 130].

1951 ж. желтоқсан айында бұл монография ММТИ Ғылыми кеңесінің Орта Азия мен Кавказ секторы мен Ленинград Мемлекеттік университетінің Археология кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде қаралып, ғалымның «ғұндардың батысқа шапқыншылығының бүкіләлемдік мәні» және «Аттиланың бүкіләлемдік тарихи ролі» туралы тұжырымдамаларын қате және қоғам үшін зиян деп баға берілген еді.

ММТИ Ғылыми кеңесінің 1952 ж. 27-маусымындағы отырысында ғалымның «Очерки истории гуннов» монографиясы мен оған қатысты З.В. Удальцованың «Большевик» журналында жарық көрген рецензиясы талқыланып, бүкіл сөз алған ғалымдар бір ауыздан бұл монографияны идеялық жағынан зиян деген сынға қосылады. Әріптестері А.Н. Бернштамның қолданған әдістері қате дей келе, ғалым алдымен теориялық құрылым құрып, кейіннен осы құрылымға сай мәліметтерді ғана қолданатынын, дұрысында нақты археологиялық материалдар мен жазба деректер бойынша қорытынды жасау керектігін сөз еткен [Обсуждение... 1953: 320].

Мәжіліс қорытындысында 1951 ж. желтоқсанында өткен екі күндік отырыстан А.Н. Бернштамның еш сабақ алмағандығына тоқталып, Ғылыми кеңес ғалымға тез арада өз қателіктерін мойындап, кеңейтілген сараптама жасаған мақала дайындауына және оқырмандардың алдында жауапкершілікті сезіне білуіне кеңес береді. Сондай ақ, осы кеңесте А.Н. Бернштамның



«зиянды» шығармасының жарық көруіне жауапкершілік алған М.М. Дьяконов, М.И. Артомонов, М.А. Тихоновалар сынға ұшырайды [Обсуждение... 1953: 325–326].

А.Н. Бернштам барлық тараптан осыншалықты қысым көре тұра, өз идеяларынан бас тартпауы, еш мерзімді басылым мен бұқаралық ақпарат құралдарында «кінәсін мойындап» ақталмауы – ғалымның өз принциптеріне адалдығы, мінезіндегі батылдықтың куәсі іспеттес.

Ғалым үшін соққылардың ауыры – 1953 ж. Известия газетінде жарық көрген С. Щетининнің «Порочная позиция профессора Бернштама» атты мақаласы болды. Бұл сыни мақалада автор КСРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімінің аға ғылыми қызметкері А.Н. Бернштам ғұндардың өзін ғана емес, Аттиланы да идеал тұтқанын, қырғыз эпосы «Манастағы» Манас тұлғасын аспандата, бүкіл қырғыз тайпаларын біріктіруші тұлға ретінде көрсетіп, эпосты Марр позициясы тарапынан қарастырған деген сол заман үшін ауыр айыптар тағады. Автор «А.Н. Бернштам хоть говорил что будет работать над своими ошибками, но почему то не спешит к этому», – дей келе, ғалым туралы айтқан әріптестерінің төмендегі пікірін келтіреді. Бұл пікір зерттеуші бейнесін жақсы ашып беретіндіктен цитатаны өзгеріссіз келтіруді жөн санадық: «Марксистко-ленинскую теорию А. Бернштам изучает поверхностно. Он не понимает необходимости перестройки всей своей научной работы. Бернштам кичлив и страдает зазнайством. Он нетерпимо относится к критике и самокритике, когда товарищи по работе разъясняют глубину его теоритических ошибок. Критику А. Бернштам не воспринимает и не улучшает своей работы <...>», – жұмыс орнынан берілген мінездемені көрсете келе, автор ММТИ Ленинград бөлімінің М.Б. Пиотровский, К.В. Тревер, С.И. Руденко, В.В. Тихонов секілді ғылыми қызметкерлері 1951–1952 жж. Марр ілімінің қателіктерін әшкерелейтін бірде-бір еңбек жазбағандарын алдыға тартады [Щетинин 1953: 1].

Ғұн тарихын зерттеген атақты ғалым Л.Н. Гумилев пен А.Н. Бернштам арасында идеялық келіспеушіліктер орын алған. Л.Н. Гумилев «История народов хунну» атты еңбегінде ғалымның «Очерк истории гуннов» монографиясына «ғұн тарихын зерттеудегі артқа кеткен бір қадам» деп баға беріп, аталған еңбекте ғұн қоғамында орын алған өзгерістер мен оқиғаларды баяндауда бірізділік жоқ, авторы осы монографияға қатысты жарияланған сын-пікірлерге қарсы тұра алмады деген пікір білдіреді. Л.Н. Гумилев мақалаларында кандидаттық диссертациясын қорғауда А.Н. Бернштам оппонент болып, қорғауға 16 пункттен тұратын сын даярлап әкелгеніне тоқталған. Л.Н. Гумилевті шығыс тілдерін меңгермеген, өз зерттеуінде марксизмді толық қолданбаған деген пункттері бар бұл сынның қатал болғанымен, Л.Н. Гумилевті 16 комиссия мүшесінің 15-і қолдап дауыс беріп, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды [Гумилев 1998: 24–25]. Керісінше, А.Н. Бернштам архивінен Л.Н. Гумилевқа қатысты мәліметтер таппадық. Жалпы осы екі атақты ғалым арасында орын алған бұл қарсылықты екі тап өкілдерінің түсініспеушілігімен түсіндіруге де болатындай.

Осындай сындардың барлығы ғалымның жолына аз кедергі болған жоқ. Ғалым Ленинград Мемлекеттік университетінде дәріс оқу, экспедицияға жетекшілік ету құқықтарынан айырылған еді.

Ғалымның ғылыми жетістіктері мен марапаттары

Дегенмен, кеңес уақытында мүлдем еңбегі еленбеді деп те айта алмаймыз. Ғылымға сіңірген еңбегі үшін Қырғыз КСР «Ғылымға еңбегі сіңген қызметкері» атағына ие болса, 1946 ж. «Еңбек Қызыл Ту орденімен» және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталғаны туралы өз автобиографиясында атап өткен [Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 793: 72].



Ғалымның ғылыми қызметі ширек ғасырға созылып, артына баға жетпес мұра қалдырды. Ғылыми еңбектері 200-ге, монографиялары 20-дан асады. Олардың барлығы көлемі мен мазмұны жағынан аса құнды еңбектер екені даусыз. Әсіресе, «Археологический очерк Северной Киргизии», «Кенкольский могильник», «Древняя Фергана», «Очерки истории гуннов», «Социально-экономический строй орхоно-энисейских тюрков VI–VIII вв. до н.э.», «Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая» «Архитектурные памятники Киргизии» секілді сүбелі еңбектерін ерекше атап өтпеске болмас. Ғалым, сонымен қатар, 1943 және 1949 ж. «Қазақ КСР тарихы» басылымының бірнеше тарауларын жазуға атсалысқан еді.

Ғалым өмірден өткен соң, кеңестік ғалымдар мерзімді басылым беттерінде еске алулар жариялады. Атақты ғалым С.П. Толстовтың «А.Н. Бернштам Қырғызстан мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудің негізін салушы» – деген бағасы әлі күнге дейін өз маңызын жоймағаны анық [Толстов 1957: 179].

Шәкірті Ю.А. Заднепровский еске алуында ұстазының 1950 ж. Памир–Фергана экспедициясында аяғының ақсақтығына қарамай, Саймалы Таш тасқа жазылған суреттерін өз көзімен көру мақсатымен Кугарт асуынан жаяу өткенін, бүкіл жоспарланған зерттеулерді іске асырғанын ғылымның энтузиазмы дей келе ерлікке балап еске алады. А.Н. Бернштам осы жылдың қарашасында Бішкекте өткен қырғыз халқының этногенезіне арналған сессияға қатысып, баяндама жасайды [Заднепровский, Подольский 1981: 165].

В.М. Массон өз еске алуында А.Н. Бернштамның 1930-ші жж. бастау алған Қырғызстан мен Оңтүстік Қазақстанға жүргізген зерттеу жұмыстарын Ортаазиялық археологияның «Үлкен секірісі» дей келе: «Ол өмірді өте сүйетін адам болды. Артында қалған ғылыми еңбектері мен ашқан ескерткіштері ғалымның сенімді ғылыми мұрасы болып қала береді» – деп баға береді [Массон 2002: 281].

Адам ретінде А.Н. Бернштамды әріптестері мен шәкірттері өз ісіне шын берілген, энциклопедиялық білімді ғалым ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ғалымның ерекшелігі – қалың көпшіліктің түсінуі, қабылдауы түсінілуі қиын мәселелерді ұғынықты тілмен жеткізе білетінінде. Ю.А. Заднепровскийдің естелігінде келтірген А.Н. Бернштамның: «Я урбанист. Но в степи я расплываюсь в улыбку» – деген сөздері ғалымның түр-тұлғасын бар жағынан ашып көрсететіндей [Заднепровский, Подольский 1981: 168].

1956 жылдың 10 желтоқсанында небары 46 жасында ғалым қайтыс болып, Санкт-Петербург қаласындағы Богословское зиратына жерленді.

3 Нәтижелер (Айтбаева А.Е., Манапова Ә.М.)

Нақты ғылыми ізденіспен археологияның дамуын жаңа сапаға көтерген Александр Натанович Бернштамның еңбектерін жүйелеу, талдаудың маңызы зор. Ғылымға қосқан үлесінің ауқымы уақыт өткен сайын айқындала түсуі де ғалымның бірегейлігін анықтайды.

Мақаланы жазу барысында ғалымның ғылыми еңбектерін, мұрағаттағы жазбаларын саралап талдаудың нәтижесінде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады.

Жалпы қола, ерте темір, ортағасыр секілді тарихи кезеңдерді зерттеген, көптеген ескерткіштердің ашылуы мен зерттелуінің бастаушысы болған Александр Натановичтің өмір жолы мен ғылыми жолы қысқаша сипатталды. Ғалымның жазба және археологиялық деректерге негізделіп жазылған бай мұрасы кейінгі ұрпақ үшін құнды дерек көздері болатындығы күмән



тудырмайды. Сонымен бірге, А.Н. Бернштамның тарихи көзқарастары 1930–1950 жж. басым болған тарих ғылымындағы ұстанымдар мен идеологиялық нормалар аясында қалыптасқанын атап өткен жөн. Оның археология ғылымындағы көптеген зерттеулері бүгінгі ғылымының жетістіктерінің биіктігінен қайта қаралып, нақтылануда, ғалымның бірқатар тұжырымдары қабылданбады. Алайда, бұл оның еңбектерінің тарих, археология, этнология саласындағы қазіргі зерттеушілер үшін маңыздылығын төмендетпейді.

Ғұн тарихы, жалпы ғұн миграциясының прогрессивті ролі туралы А.Н. Бернштам ойлары кеңес ғалымдары тарапынан қолдау тапқан жоқ. Осындай қылышынан қан тамған заманда, автордың ғұн тарихына арналған еңбегі қатаң сындарға ұшырады және өте үлкен саяси қателіктер жіберілген деп айыпталды. Ғалымды жаулап алу соғыстарын жақтаушы деп кіналап, ғұндардың ролін асыра күшейте көрсетуін пантюркизмге қатысы бар деп сынады. Осы сындар салдарынан А.Н. Бернштам ұстаздық қызметінен және экспедицияларға жетекшілік ету мүмкіндігінен аластатылды. Бірақ, қанша сынға ұшыраса да, ғалым ғұндар тарихына қатысты өз идеяларынан бас тартпады және ғұндардың саяси аренадағы орнын төмен көрсетуге тырыспады. Ғалымның Жетісу мен Тянь-Шаньның катакомбалы-ақымды обаларын ғұн тайпаларына жатқызуы да көптеген археологтар тарапынан қарсылық туғызды. Осы күнге дейін катакомбалы-ақымды обалардың кімдерге тиесілі екендігі туралы орныққан, дәлелденген пікір жоқ. Яғни пікір қайшылығы әлі де орын алуда. Дегенмен, соңғы ғылыми зерттеулер нәтижесінде көпшілік ғалымдар мұндай жерлеу орындарын қаңлыларға тиесілі деп санауда.

Ғалымның қаңлы иеліктерін орналастыруы, топонимикаларға талдау жасауы, ортағасырлық қалаларды баламалауы да ғылым үшін өлшеусіз қазына сынды. Осы мәселелердің әрқайсысы жеке-жеке диссертациялық жұмыстарға, ғылыми жобаларға тақырып бола алатынына сеніміміз кәміл.

4 Талқылау (Мананова Ә.М., Айтбаева А.Е.)

Қызығушылықтарының кең спектрі ғалымнан көп күшті, керемет табандылық пен үлкен еңбекқорлықты қажет етті. Дәл осы қасиеттер оған зерттеуші және ғалым ретіндегі мүмкіндіктерінің зор әлеуетін жүзеге асыруға көмектесті. В.М. Массон өзінің мақаласында А.Н. Бернштамға тән қасиет – нақты ұйымдастырылған жұмысқа қабілеттілік деп атап өткен еді. Кез келген қолжазбасы болсын, археологиялық есебі болсын, басталған күні мен аяқталған уақыты жазылып тұратынын ғалым қорымен жұмыс істеу барысында байқадық.

А.Н. Бернштамды Қырғызстан мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудің негізін салған деп санауға толық негіз бар. Большевиктің жанұясында өмірге келіп, оқушы кезінен археологияға құмар болған ғалым Ленинград университетінде тәлім алып, студент шағында ММТМА-да қызмет етті. Ғалымның қамшының сабындай қысқа ғұмырының басым бөлігі осы ғылыми ұйыммен байланыста өрбіді. Кез-келген адамды сол өзі өмір сүрген қоғамнан бөліп алып қарастыруға болмайды. А.Н. Бернштам да өз уақытының сойылын соқты, өзі де көп теперіш көрді. Дегенмен, осы қиындықтардың барлығы ғалымның археологияға деген махаббатына селкеу түсіре алмады. Ол тек археолог, этнограф ғана емес, тарихшы ретінде де көп теориялық мәселелерді шешуді өз алдына қоя білді, шешімдерін табуға тырысты. А.Н. Бернштам мақалаларында археологиялық қазбалар нәтижесінде қол жеткен жаңа мәліметтер жарияланып қана қойған жоқ, сондай-ақ тарихи топография, қалалар мен олардың салынуының тарихи жағдайлары, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың көшпелі және отырықшы тұрғындарының өзара қатынасы, ортағасырлық қала тарихының маңызды мәселелері шешімін тапқан еді.



5 Қорытынды (Мананова Ә.М.)

Мақалада Қырғызстан мен Қазақстанның көптеген ескерткіштерін ашып, қазба жұмыстарын жүргізген А.Н. Бернштамның археология ғылымына қосқан үлесі жан жақты талқыланды. А.Н. Бернштамның ғылыми мұрасы мұрағат материалдары негізінде толықтырылды. Ғалым ғылыми еңбектері үшін көп қысым көре тұра, өз принциптеріне адалдығын, мінезіндегі батылдықты мақала жазу барысында көз жеткіздік. Ғалымның жазба және археологиялық деректерді саралауы, оны өз көзқарасымен негіздеп жазуы болашақ зерттеушілер үшін өте құнды дерек болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Архив ИИМК РАН, ф. 35, д. 22, 133 л.
- 2 Архив ИИМК РАН, ф. 2, т. 3, д. 56, 133 л.
- 3 Архив ИИМК РАН, ф. 2, д. 793, 104 л.
- 4 Бернштам А.Н. Жилище Крымского предгорья. Опыт социологического анализа // Известия ГАИМК. 1931а. Т. 9. Вып. 67. 46 с.
- 5 Бернштам А.Н. Туркменский род и колхозы. Труд и быт в колхозах // Труды Института по изучению народов СССР. Л.: АН СССР, 1931б. Сб. 2. С. 7-42.
- 6 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. Л.: ЛГУ, 1951. 256 с.
- 7 Бернштам А.Н., Кричевский Е.Ю. К вопросу о закономерности в развитии архаической формации. (К разработке теоретического наследия Маркса, Энгельса, Ленина) // Известия ГАИМК. 1932. Т. 13. Вып. 3. С. 21-51.
- 8 Бернштам А.Н., Морозова А.С. Отчет о командировке в Среднюю Азию // Проблемы истории древних обществ. 1934. № 6. С. 100-101.
- 9 Гумилев Л.Н. История народа хунну / Сост. и общ. ред. А.И. Курчки: в 2-х книгах. Кн. 1. М.: Институт ДИ–ДИК, 1998. 448 с.: ил.
- 10 Заднепровский Ю.А., Подольский А.Г. Александр Натанович Бернштам. К 70-летию со дня рождения // Народы Азии и Африки. 1981. № 2. С. 161-168.
- 11 Кызласов Л.Р., Мерперт Н.Я. Рец. на: А.Н. Бернштам. Очерк истории гуннов. Л.: ЛГУ, 1951 // ВДИ. 1952. № 1 (39). С. 103-109.
- 12 Массон В.М. Александр Натанович Бернштам из плеяды первопроходцев среднеазиатской археологии (к 90-летию со дня рождения) // Археологические вести. 2002. № 9. С. 279-281.
- 13 Обсуждение на Ученом совете ИИМК книги А.Н. Бернштама «Очерк истории гуннов» (1953) // СА. 1953. Т. 17. С. 320-326.
- 14 Рафиков А.Х. Рец. на А.Н. Бернштам. Очерк истории гуннов. Л.: ЛГУ, 1951 // ВДИ. 1952. № 5. С. 126-131.
- 15 Толстов С.П. Александр Натанович Бернштам. Personalia // СЭ. 1957. № 1. С. 178-180.
- 16 Удальцова З.В. Против идеализации гуннских завоеваний. Рец. на: А.Н. Бернштам. Очерк истории гуннов. Л.: ЛГУ, 1951 // Большевик. 1952. № 11. С. 68-72.
- 17 Щетинин С. Порочная позиция профессора Бернштама // Известия. 1953. № 75. 29 марта.

REFERENCE

- 1 Arhiv Instituta istorii materialnoy kultury Rossiyskoy akademii nauk (Archive of the Institute for the History of Material culture), f. 35, d. 22 (in Russian).
- 2 Arhiv Instituta istorii materialnoy kultury Rossiyskoy akademii nauk (Archive of the Institute for the History of Material culture), f. 2, t. 3, d. 56 (in Russian).
- 3 Arhiv Instituta istorii materialnoy kultury Rossiyskoy akademii nauk (Archive of the Institute for the History of Material culture), f. 2, d. 793 (in Russian).



- 4 Bernshtam, A. N. 1931a. In: *Izvestiya Gosudarstvennoy akademii istorii materialnoy kultury (News of the State Academy of the History of Material Culture)*, 9 (in Russian).
- 5 Bernshtam, A. N. 1931b. In: *Trudy instituta po izucheniyu narodov SSSR (Proceedings of the Institute for the Study of the Peoples of the USSR)*. 2, 7-42 (in Russian).
- 6 Bernshtam, A. N. 1951. *Ocherk istorii gunnov (An essay on the history of the Huns)*. Leningrad: Leningrad State University (in Russian).
- 7 Bernshtam, A. N., Krichevskiy, E. Yu. 1932. In: *Izvestiya Gosudarstvennoy akademii istorii materialnoy kultury (News of the State Academy of the History of Material Culture)*, 3, 21-51 (in Russian).
- 8 Bernshtam, A. N., Morozova, A. S. 1934. In: *Problemy istorii drevnih obshchestv (Problems of the history of ancient societies)*, 6, 100-101 (in Russian).
- 9 Gumilev, L. N. 1998. *Istoriya naroda hunnu (History of the Hunnu people)*. Moscow: Institut DI-DIK (in Russian).
- 10 Zadneprovskiy, Yu. A., Podolskiy, A. G. 1981. In: *Narody Azii i Afriki (The peoples of Asia and Africa)*, 2, 161-168 (in Russian).
- 11 Kyzlasov, L. R., Merpert, N. Ya. 1952. In: *Vestnik drevney istorii (Journal of Ancient History)*, 1 (39), 103-109 (in Russian).
- 12 Masson, V. M. 2002. In: *Arheologicheskie vesti (Archaeological news)*, 9, 279–281 (in Russian).
- 13 Obsuzhdenie na Uchenom sovete . 1953. In: *Sovetskaya arheologiya (Soviet archeology)*, 17, 320-326 (in Russian).
- 14 Rafikov, A.H. 1952. In *Vestnik drevney istorii (Journal of Ancient History)*. 5, 126-131 (in Russian).
- 15 Tolstov, S. P. 1957. In: *Sovetskaya etnografiya (Soviet ethnography)*, 1, 178-180 (in Russian).
- 16 Udaltsova, Z. V. 1952. In: *Bolshevik (Bolshevik)*, 11, 68-72 (in Russian).
- 17 Shetinin, S. 1953. In: *Izvestiya (Izvestia)* 75, 29 marta (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 06.12.2022.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 16.12.2022.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.12.2022.

